

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
2001-2005 ЖЫЛДАРДАҒЫ  
ҰЛТТЫҚ ШОТТАРЫ**

(статистикалық жинақ)

---

**НАЦИОНАЛЬНЫЕ СЧЕТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЗА 2001 - 2005 ГОДЫ**

(статистический сборник)

---

АЛМАТЫ

2007

Қазақстан Республикасының 2001-2005 жылдардағы ұлттық шоттары  
Статистикалық жинақ, 2007 ж.  
/Редакциясын басқарған Ю.Қ.Шоқаманов – Алматы 2007 – 116 бет/

Национальные счета Республики Казахстан за 2001 – 2005 годы  
Статистический сборник, 2007 г.  
/Под редакцией Ю.К.Шокаманова – Алматы 2007 – 116 страниц/

Жинақты дайындауға жауапты:	Д.К.Қайырова	телефондар (3172) 28 03 29
Құрастырғандар:	Ғ.Х.Исмурзина З.М.Ерғалиева С.Е.Базарқұлова А.А.Шөкенова А.Г.Әділова Б.Н.Искенова А.А.Демесинова	(3172) 28 03 29 (327) 242 54 91 (327) 242 54 91 (327) 242 54 91 (327) 242 54 91 (327) 242 54 91 (327) 242 45 31
Қазақ тіліне аударған:	Ә.С.Доспан	
Ответственный за подготовку сборника:	Д.К.Каирова	телефоны (3172) 28 03 29
Составители:	Ғ.Х.Исмурзина З.М.Ерғалиева С.Е.Базарқұлова А.А.Чукенова А.Г.Адилова Б.Н.Искенова А.А.Демесинова	(3172) 28 03 29 (327) 242 54 91 (327) 242 54 91 (327) 242 54 91 (327) 242 54 91 (327) 242 54 91 (327) 242 45 31
Перевод:	А.С.Доспан	

Жинақта Қазақстанның 2001-2005 жылдардағы экономикалық жағдайы туралы статистикалық деректер берілген. Қазақстан экономикасының тұтастай, сондай-ақ оның аса маңызды салалары мен секторларының дамуын сипаттайтын кестелік және графикалық материалдар келтірілген. Кейбір көрсеткіштер Қазақстан Республикасының өңірлері бөлінісінде берілген.

Деректер қазіргі заманғы әдіснама принциптеріне сәйкес есептелген, бұл оларды халықаралық көрсеткіштермен салыстыруға мүмкіндік береді.

Статистикалық жинақ оқырмандардың қалың қауымына: жоғары басқару қызметкерлеріне, бюджеттік және шаруашылық ұйымдары мен мекемелердің, кәсіпорындар мен банкердің қызметкерлеріне, профессор-оқытушылар құрамына, аспиранттарға, студенттерге, кәсіпкерлерге, журналистерге, Қазақстан экономикасы туралы ақпарат қажет болғандардың барлығына арналған.

В сборнике представлены статистические данные об экономическом положении Казахстана за 2001–2005 гг. Приведены табличные и графические материалы, характеризующие развитие казахстанской экономики в целом, а также ее важнейших отраслей и секторов. Некоторые показатели приведены в разрезе регионов Республики Казахстан.

Данные рассчитаны в соответствии с принципами современной методологии, что позволяет сопоставить их с международными показателями.

Статистический сборник адресован широкому кругу пользователей: высшему управленческому персоналу, работникам бюджетных и хозяйственных организаций и учреждений, предприятий, профессорско-преподавательскому составу, аспирантам, студентам, предпринимателям, журналистам, всем, кому нужна информация об экономике Казахстана.

#### Шартты белгілер Условные обозначения:

“–” - құбылыс жоқ;	“–” - явление отсутствует;
“...” - статистикалық деректер жоқ;	“...” - нет статистических данных;
“0,0” - құбылыс орын алған, бірақ оның шамасы тиісті өлшем бірлігінде деңгелектеуге келмейді.	“0,0” - явление происходило, но величина его не округляется в соответствующую единицу измерения

Жекелеген жағдайларда қорытынды мен қосылғыштар қосындысының арасындағы болар-болмас айырмашылық деректерді деңгелектеуден болған.

В отдельных случаях незначительные расхождения между итогом и суммой слагаемых объясняются округлением данных.

# Содержание

Алғы сөз	
Предисловие .....	6
<b>1-бөлім. ҰЛТТЫҚ ШОТТАР ЖҮЙЕСІ</b>	
<b>Раздел 1. СИСТЕМА НАЦИОНАЛЬНЫХ СЧЕТОВ .....</b>	<b>7</b>
Ұлттық шоттар жүйесінің негізгі әдіснамалық ережелері	
Основные методологические положения системы национальных счетов .....	7
1.1. Өндіріс шоты	
1.1. Счет производства .....	13
1.2. Табыстардың құрылу шоты	
1.2. Счет образования доходов .....	13
1.3. Бастапқы табыстарды бөлу шоты	
1.3. Счет распределения первичных доходов .....	13
1.4. Табыстарды қайталама бөлу шоты	
1.4. Счет вторичного распределения доходов .....	14
1.5. Қолдағы табысты пайдалану шоты	
1.5. Счет использования располагаемого дохода .....	14
1.6. Капиталмен жасалатын операциялар шоты	
1.6. Счет операций с капиталом .....	14
1.7. 2003-2005 жылдардағы қаржы шоты	
1.7. Финансовый счет за 2003-2005 год .....	15
1.8. Экономикалық көрсеткіштер	
1.8. Экономические показатели .....	17
1.9. Жалпы ішкі өнім қосылған құнның сомасы ретінде	
1.9. Валовой внутренний продукт как сумма добавленной стоимости .....	17
1.10. Жалпы ішкі өнім табыстардың сомасы ретінде	
1.10. Валовой внутренний продукт как сумма доходов .....	17
1.11. Жалпы ішкі өнім, нақты көлемнің индекстері, дефляторлар және ЖІӨ-нің құрылымы	
1.11. Валовой внутренний продукт, индексы физического объема, дефляторы и структура ВВП .....	18
1.12. Жалпы ішкі өнімді пайдалану	
1.12. Использование валового внутреннего продукта .....	20
1.13. Нақты түпкілікті тұтыну	
1.13. Фактическое конечное потребление .....	21
1.14. Жалпы ішкі өнім секторлар бойынша	
1.14. Валовой внутренний продукт по секторам .....	22
1.15. Ұлттық шоттар жүйесінің негізгі көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстар	
1.15. Взаимосвязи между основными показателями системы национальных счетов .....	22
1.16. Институционалдық секторлардың операциялары, 2001 жыл	
1.16. Операции институциональных секторов, 2001 год .....	23
1.17. Институционалдық секторлардың операциялары, 2002 жыл	
1.17. Операции институциональных секторов, 2002 год .....	24
1.18. Институционалдық секторлардың операциялары, 2003 жыл	
1.18. Операции институциональных секторов, 2003 год .....	26
1.19. Институционалдық секторлардың операциялары, 2004 жыл	
1.19. Операции институциональных секторов, 2004 год .....	27
1.20. Институционалдық секторлардың операциялары, 2005 жыл	
1.20. Операции институциональных секторов, 2005 год .....	29
1.21. Экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі және құрылуы	
1.21. Производство и образование доходов по видам экономической деятельности .....	30
1.22. Экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі мен құрылуының құрылымы	
1.22. Структура производства и образования доходов по видам экономической деятельности .....	33

1.23. Қаржы емес сектордағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі және құрылуы	
1.23. Производство и образование доходов по видам экономической деятельности в нефинансовом секторе .....	36
1.24. Қаржы емес сектордағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі мен құрылуының құрылымы	
1.24. Структура производства и образования доходов по видам экономической деятельности в нефинансовом секторе .....	39
1.25. Қаржы секторындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі мен құрылуы	
1.25. Производство и образование доходов по видам экономической деятельности в финансовом секторе .....	41
1.26. Қаржы секторындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі мен құрылуының құрылымы	
1.26. Структура производства и образования доходов по видам экономической деятельности в финансовом секторе .....	41
1.27. Мемлекеттік басқару секторындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі және құрылуы	
1.27. Производство и образование доходов по видам экономической деятельности в секторе государственного управления .....	42
1.28. Мемлекеттік басқару секторындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі мен құрылуының құрылымы	
1.28. Структура производства и образования доходов по видам экономической деятельности в секторе государственного управления .....	43
1.29. ҰШҚКЕҰ секторындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі және құрылуы	
1.29. Производство и образование доходов по видам экономической деятельности в секторе НКООДХ .....	44
1.30. ҰШҚКЕҰ секторындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі мен құрылуының құрылымы	
1.30. Структура производства и образования доходов по видам экономической деятельности в секторе НКООДХ .....	44
1.31. Үй шаруашылығы секторындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі және құрылуы	
1.31. Производство и образование доходов по видам экономической деятельности в секторе домашнего хозяйства .....	45
1.32. Үй шаруашылығы секторындағы экономикалық қызмет түрлері бойынша табыстың өндірілуі мен құрылуының құрылымы	
1.32. Структура производства и образования доходов по видам экономической деятельности в секторе домашнего хозяйства .....	47
1.33. Сыртқы экономикалық операциялар	
1.33. Внешнеэкономические операции .....	49
1.34. Өнеркәсіп салалары бойынша табыстың өндірілуі және құрылуы	
1.34. Производство и образование доходов по отраслям промышленности .....	50
1.35. Жалпы қосылған құн, нақты көлем индекстері және өнеркәсіп өндірісінің құрылымы	
1.35. Валовая добавленная стоимость, индексы физического объема и структура промышленного производства .....	53
1.36. Тауарлар мен қызметтер өндіру	
1.36. Производство товаров и услуг .....	56
1.37. Меншік нысандары бойынша жалпы қосылған құнның құрылымы	
1.37. Структура валовой добавленной стоимости по формам собственности .....	57
1.38. Бақыланбайтын экономика	
1.38. Ненаблюдаемая экономика .....	57
1.39. Кәсіпорын типтері бойынша жалпы ішкі өнімді өндіру құрылымы	
1.39. Структура производства валового внутреннего продукта по типам предприятий .....	59
1.40. ТМД елдері ЖІӨ-сінің нақты көлем индексі	
1.40. Индекс физического объема ВВП стран СНГ .....	60

## 2-бөлім. ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМДІ ТОҚСАНДЫҚ ЕСЕПТЕУ

### Раздел 2. КВАРТАЛЬНЫЕ РАСЧЕТЫ ВАЛОВОГО ВНУТРЕННЕГО ПРОДУКТА .....

Жалпы ішкі өнімді тоқсандық есептеу	
Квартальные расчеты валового внутреннего продукта .....	63
Тура әдіс	
Прямой метод .....	63
Жанама әдіс	
Косвенный метод .....	64

2.1. 2001–2005 жылдардағы өндіріс бойынша жалпы ішкі өнім	
2.1. Валовой внутренний продукт по производству за 2001 – 2005 годы .....	65
2.2. 2001–2005 жылдардағы өндіріс бойынша жалпы ішкі өнім 1994 жылдың орташа жылдық бағаларында	
2.2. Валовой внутренний продукт по производству за 2001–2005 годы в среднегодовых ценах 1994 года .....	67
2.3. 2000–2005 жылдардағы өндіріс бойынша ЖІӨ-нің нақты көлем индекстері, тоқсан өткен тоқсанға	
2.3. Индексы физического объема ВВП по производству за 2000–2005 годы, квартал к предыдущему кварталу .....	69
2.4. 2001–2005 жылдардағы өндіріс бойынша ЖІӨ-нің нақты көлем индекстері, тоқсан тиісті тоқсанға	
2.4. Индексы физического объема ВВП по производству за 2001–2005 годы, квартал к соответствующему кварталу .....	71
2.5. 2001 – 2005 жылдардағы пайдалану бойынша жалпы ішкі өнім	
2.5. Валовой внутренний продукт по использованию за 2001 – 2005 годы .....	74
2.6. 2001 – 2005 жылдардағы пайдалану бойынша жалпы ішкі өнім 1994 жылдың орташа жылдық бағаларымен	
2.6. Валовой внутренний продукт по использованию за 2001 – 2005 годы в среднегодовых ценах 1994 года .....	75
2.7. 2001 – 2005 жылдардағы пайдалану бойынша ЖІӨ-нің нақты көлем индекстері, тоқсан өткен тоқсанға	
2.7. Индексы физического объема ВВП по использованию за 2001 – 2005 годы, квартал к предыдущему кварталу .....	77
2.8. 2001 – 2005 жылдардағы пайдалану бойынша ЖІӨ-нің нақты көлем индекстері, тоқсан тиісті тоқсанға	
2.8. Индексы физического объема ВВП по использованию за 2001 – 2005 годы, квартал к соответствующему кварталу .....	79

### **3-бөлім. ЖАЛПЫ ӨНІРЛІК ӨНІМ**

#### **Раздел 3. ВАЛОВОЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ПРОДУКТ ..... 81**

3.1. Қазақстан өңірлері бойынша жалпы қосылған құн	
3.1. Валовая добавленная стоимость по регионам Казахстана .....	81
3.2. Қазақстан өңірлері бойынша жалпы қосылған құнның құрылымы	
3.2. Структура валовой добавленной стоимости по регионам Казахстана .....	83
3.3. Қазақстан өңірлері бойынша жалпы қосылған құнның салалық құрылымы	
3.3. Отраслевая структура валовой добавленной стоимости по регионам Казахстана .....	84
3.4. Қазақстан өңірлері бойынша 2005 жылғы өнеркәсіптің жалпы шығарылымы (үй шаруашылықтарын қоса)	
3.4. Валовой выпуск промышленности по регионам Казахстана (включая домашние хозяйства) за 2005 год .....	86

### **Раздел 4. Интегрированные счета Казахстана**

#### **Part 4. Integrated economic accounts of Kazakhstan ..... 91**

## Алғы сөз

Бұл статистикалық жинақта Ұлттық шоттар жүйесінің (ҰШЖ–1993ж.) көрсеткіштері бар, ол Қазақстан Республикасының 2001–2005 жылдардағы экономикасы туралы жан-жақты мағлұмат береді, шаруашылық қызметке қатысушылардың экономикалық бейнесін, олардың өзара қатынасы мен қызметінің нәтижесін көрсетеді, ел экономикасында бар ресурстар туралы толық мағлұмат алуға мүмкіндік береді. Барлық шоттар ресми статистикалық ақпараттар, бір жолғы байқаулар негізінде әзірленген.

Жинақ төрт бөлімнен тұрады.

**Бірінші бөлімде** жиынтық кестелер мен ұлттық шоттар келтірілген. Шоттардың деректері республика экономикасы бойынша тұтастай және секторлар бойынша әзірленген. Өндіріс шоттары мен табыстардың құрылуы салалар бойынша да нақтылап талданған.

**Екінші бөлімде** 2001–2005 жылдардағы өндіріс және түпкілікті тұтыну әдісі бойынша есептелген жалпы ішкі өнімнің тоқсандық деректері келтірілген.

Жинақтың **үшінші бөлімінде** өңірлер бойынша деректер жарияланған. ҰШЖ әдіснамасы негізінде өңірлер экономикасы дамуының жиынтық көрсеткіші – жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) есептелген.

**Төртінші бөлімде** экономикадағы негізгі құндық сектораралық ағындарды көрсететін 2003, 2004 және 2005 жылдардағы ұлттық шоттардың біріктірілген кестелері жарияланған.

## Предисловие

Данный статистический сборник содержит показатели Системы национальных счетов (СНС–1993 г.), которые дают всестороннее представление об экономике Республики Казахстан за 2001–2005 годы, отражают экономическое поведение участников хозяйственной деятельности, их взаимоотношения и результаты деятельности, позволяют получить полное представление о ресурсах, имеющихся в экономике страны. Все счета разработаны на основе официальной статистической информации, единовременных наблюдений.

Сборник состоит из четырех разделов.

**В первом разделе** приводятся сводные таблицы и национальные счета. Данные счетов разработаны по экономике республики в целом и по секторам. Счета производства и образования доходов детализированы также по отраслям.

**Во втором разделе** приводятся квартальные данные валового внутреннего продукта производственным методом и методом конечного использования за 2001–2005 гг..

**В третьем разделе** сборника публикуются данные по регионам. На основе методологии СНС рассчитан сводный показатель развития экономики регионов – валовой региональный продукт (ВРП).

**В четвертом разделе** публикуются интегрированные таблицы национальных счетов за 2003, 2004 и 2005 гг., отражающие основные стоимостные межсекторальные потоки в экономике.

Қысқартулар  
Сокращения

ҰШЖ	Ұлттық шоттар жүйесі	СНС	Система национальных счетов
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім	ВВП	Валовой внутренний продукт
НКИ	Нақты көлем индексі	ИФО	Индекс физического объема
ҚДЖӨҚ	Қаржы делдалдығының жанама-өлшемді қызметтері	КИУФП	Косвенно-измеряемые услуги финансового посредничества
ҮШҚКЕҰ	Үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар	НКООДХ	Некоммерческие организации, обслуживающие домашние хозяйства
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы	СНГ	Содружество Независимых Государств
ЖӨӨ	Жалпы өңірлік өнім		

## 1-бөлім. ҰЛТТЫҚ ШОТТАР ЖҮЙЕСІ

### Раздел 1. СИСТЕМА НАЦИОНАЛЬНЫХ СЧЕТОВ

#### Ұлттық шоттар жүйесінің негізгі әдіснамалық ережелері

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын **Ұлттық шоттар жүйесі** 1993 жылғы ҰШЖ тұжырымдамаларына негізделген. Ол нарықтық қатынастың өтпелі кезеңінде тұрған елдің экономикасын ұйымдастыру мен жұмыс істеуінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып құрылған.

Ұлттық шоттар жүйесінің мәні экономика салаларының ұдайы өндіріс процесінің әртүрлі сатыларындағы дамуының жинақтап қорытылған көрсеткіштерін есептеп шығаруға және осы көрсеткіштердің бір-бірімен өзара үйлесуіне саяды. Ұдайы өндірістің әрбір сатысына арнаулы шот немесе шоттар тобы сәйкес келеді. Осылайша, өндірілген тауарлар мен қызметтер құнының қозғалысын, сондай-ақ өндіруден пайдалануға дейінгі қосылған құнды бақылап отыру мүмкіндігі бар.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында 1990–2005 жылдардағы өндіріс, табыстардың құрылу, заттай табыстарды бастапқы, қайталама бөлу және қайта бөлу, табыстарды пайдалану, капиталмен жасалатын операциялар және тауарлар мен қызметтер шоттарын есептеу жүзеге асырылған.

**Тауарлар мен қызметтердің шоты** өзіндік жиынтық кесте болып табылады. Ол басқа да барлық шоттар сияқты екі бөліктен тұрады: “ресурсстар” бөлігінде тауарлар мен қызметтердің шығарылымы және импорты, өнімдерге және импортқа салынған салықтар, өнімдерге арналған субсидиялар, ал “пайдалану” бөлігінде – тұтынуға (аралық және түпкілікті) арналған тауарлар мен қызметтердің пайдалану көлемі, негізгі және айналым капиталының қорланымы, экспорт көрсетіледі.

**Өндіріс шоты** тікелей өндіру процесіне қатысты операцияларды қамтып көрсетеді. Бұл шотта экономика дамуының жинақтап қорытылған аса маңызды көрсеткіштерін – жалпы ішкі өнімді есептеп шығарудың негізін құрайтын қосылған құн анықталады.

**Шығарылым** есепті кезеңде экономикада өндірілген тауарлар мен қызметтердің жиынтықты құнын көрсетеді.

**Тауар өндіруге** өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, құрылыс сияқты салалар кіреді.

**Қызмет өндіруге** көлік, байланыс, сауда, мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер, банктер көрсететін қызметтер және т.б. қызметтер жатады.

**Аралық тұтыну** есепті кезеңде өндіріс процесінде түрленетін немесе түгелдей тұтынылатын тауарлар мен қызметтер құнына тең. Негізгі капиталды тұтыну аралық тұтыну құрамына кірмейді.

Аралық тұтыну құрамына қаржы делдалдығының (банктердің) жанама-өлшемді қызметін тұтыну жеке жайғасым болып енеді.

**Жалпы қосылған құн** салалар деңгейінде тауарлар және қызметтер шығарылымы мен аралық тұтыну арасындағы айырмашылық ретінде есептеп шығарылады. “Жалпы” термині өндіріс процесінде тұтынылған негізгі капиталдың құны көрсеткішке қосылатындығын көрсетеді.

**Өнімдерге салынған салықтарға** мөлшері өндірілген өнімдер мен көрсетілген қызметтердің құнына тікелей байланысты салықтар кіреді. Өнімдерге салынатын салықтарға қосылған құн салығы, акциздер, отынға салынатын салық және басқалары кіреді. Импортқа салынатын салықтар – бұл шетелдерден әкелінетін тауарлар мен қызметтерге салынатын салықтар.

**Субсидиялар** – кәсіпорындарға олар тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін өндірген жағдайда Мемлекеттік бюджеттен берілетін ағымдағы өтеусіз төлемдер.

#### Основные методологические положения системы национальных счетов

**Система национальных счетов**, реализуемая в Республике Казахстан, основана на концепциях СНС 1993 года. Она построена с учетом специфики организации и функционирования экономики страны, находящейся на переходном этапе к рыночным отношениям.

Суть системы национальных счетов сводится к расчету обобщающих показателей развития отраслей экономики на различных стадиях процесса воспроизводства и взаимной увязке этих показателей между собой. Каждой стадии воспроизводства соответствует специальный счет или группа счетов. Таким образом, имеется возможность проследить движение стоимости произведенных товаров и услуг, а также добавленной стоимости от производства до использования.

В настоящее время в Республике Казахстан осуществлены расчеты счетов производства, образования доходов, первичного, вторичного распределения и перераспределения доходов в натуре, использования доходов, операций с капиталом и счета товаров и услуг за 1990–2005 гг.

**Счет товаров и услуг** является своеобразной сводной таблицей. Как и все другие счета, он состоит из двух частей: в части “ресурсы” показываются выпуск и импорт товаров и услуг, налоги на продукты и на импорт, субсидии на продукты; в части “использование” – объемы использования товаров и услуг на потребление (промежуточное и конечное), накопление основного и оборотного капитала, экспорт.

**Счет производства** отражает операции, относящиеся непосредственно к процессу производства. В этом счете определяется добавленная стоимость, составляющая основу исчисления валового внутреннего продукта – важнейшего обобщающего показателя развития экономики.

**Выпуск** представляет собой суммарную стоимость товаров и услуг, произведенных в экономике в отчетном периоде.

**Производство товаров** включает в себя такие отрасли, как промышленность, сельское хозяйство, лесное хозяйство, рыбное хозяйство, строительство.

**Производство услуг** включает услуги транспорта, связи, торговли, культуры, образования, здравоохранения и социальные услуги, услуги банков и др.

**Промежуточное потребление** равно стоимости товаров и услуг, которые трансформируются или полностью потребляются в процессе производства в отчетном периоде. Потребление основного капитала не входит в состав промежуточного потребления.

В состав промежуточного потребления включается отдельной позицией потребление косвенно-измеряемых услуг финансового посредничества (банков).

**Валовая добавленная стоимость** исчисляется на уровне отраслей как разность между выпуском товаров и услуг и промежуточным потреблением. Термин “валовая” указывает на то, что показатель включает потребленную в процессе производства стоимость основного капитала.

**Налоги на продукты** включают налоги, размер которых прямо зависит от стоимости произведенной продукции и оказанных услуг. К налогам на продукты относятся: налог на добавленную стоимость, акцизы, налог на топливо и др. Налоги на импорт – это налоги на импортируемые товары и услуги.

**Субсидии** – текущие некомпенсируемые выплаты из Государственного бюджета предприятиям при условии производства ими определенного вида товаров и услуг.



**Жалпы ішкі өнім** өндіріс сатысында жалпы қосылған құнды салалар бойынша жиынтықтау жолымен алынады. Жалпы ішкі өнім рынок бағасы бойынша есептеп шығарылады, яғни өзіне өнімдерге және импортқа салынған таза салықтарды қосады. “Таза” термині салықтың тиісті субсидиялардың шегеріліп көрсетілгендігін білдіреді. Бұл – елдің экономикалық қызметінің түпкілікті нәтижесін сипаттайтын ұлттық шоттар жүйесінің аса маңызды көрсеткіштерінің бірі.

**Табыстардың құралу шоты** институционалдық бірліктердің – тауарлар мен қызметтер өндіруге тікелей қатысатын резиденттердің бастапқы табыстарын төлеуді көрсетеді.

Институционалдық бірлік, егер елдің аумағында оның экономикалық мүдделер орталығы болса, яғни ол, әдетте бір жылға теңестірілетін ұзақ уақыт кезеңі ішінде экономикалық қызметтің немесе операциялардың қандай да бір түрімен айналысса немесе айналысуды ойласа, онда ол ел экономикасының **резиденті** болып саналады.

**Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу** жұмыс берушінің қызметкерлерге олардың есепті кезеңде орындаған жұмысына ақшалай және/немесе заттай нысанда төлеген барлық сыйақыларының сомасымен анықталады. Қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу есептелген сома негізінде есепке алынады және оған әлеуметтік сақтандыруға аударымдар, табысқа салынатын салықтар сомасы мен қызметкерлердің төлеуге жататын, тіпті олар шын мәнісінде әкімшілік мүдделер немесе өзге де себептер бойынша ұсталып және қызметкердің атынан тікелей әлеуметтік сақтандыру органдарына, салық қызметтеріне және т.б. төленетін басқа да төлемдер кіреді.

**Өндіріске салынатын басқа да салықтар** өнімге салынатын салықтардан басқа, өндіруші бірліктердің өндіруге немесе өндіру факторларын пайдалануына байланысты оларға салынатын барлық салықтардан тұрады. Мұндай салықтардың мөлшері өндірістің көлемі мен пайдалылығына тікелей байланысты емес.

Олар сол сияқты институционалдық бірліктер алатын пайдаға немесе өзге де табыстарға салынатын кез келген салықтарды қоспайды. Өндіріске салынатын басқа да салықтарға жататындар: табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін салықтар (экологиялық салық), жер үшін төлем (жер салығы), патенттер үшін төлем, мемлекеттік баж және алымдар, кәсіпорындар мен ұйымдардан алынатын жылжымайтын мүлікке салынатын салық.

**Экономиканың жалпы (таза) пайдасы** қосылған құнның қызметкерлер еңбегіне ақы төлеуге және өндіріске салынатын салықтарды төлеуге байланысты шығыстарды шегергеннен кейін өндірушілерде қалатын бөлігі. “Жалпы” немесе “таза” термині бұл жағдайда осы көрсеткіш өндіріс процесінде негізгі капиталды тұтынуды қоса ма немесе қоспай ма соны көрсетеді.

Үй шаруашылықтарының меншігінде тұрған кәсіпорындардың өндірістік қызметінің нәтижесінде құралатын пайда **жалпы аралас табыс** деп аталады, өйткені ол кәсіпорынның меншік иесі орындаған жұмысқа ақы төлеуді де, сол сияқты кәсіпкерліктен түскен пайданы да көрсетеді.

**Негізгі капиталды тұтыну** негізгі капитал құнының есепті кезең ішінде оның табиғи тозуы мен сапалық тозуының және кездейсоқ бүлінуінің нәтижесінде азаюын көрсетеді.

**Бастапқы табыстарды бөлу шоты** резиденттер арасындағы (институционалдық бірліктер немесе секторлар) өндірістік қызмет пен меншіктен алынған бастапқы табысты бөлуді сипаттайды.

**Меншіктен түскен табыстарға** институционалдық бірліктердің қаржы активтерін, жерді және басқа қаржыға жатпайтын активтерді (жер қойнауы және басқа табиғи активтер, патенттер, лицензиялар және т.б.) пайдалануға беруіне байланысты алатын немесе төленетін табыстары кіреді.

**Валовой внутренний продукт** на стадии производства получается путем суммирования валовой добавленной стоимости по отраслям. Валовой внутренний продукт рассчитывается по рыночному ценам, то есть включает в себя чистые налоги на продукты и на импорт. Термин “чистые” означает, что налоги показаны за вычетом соответствующих субсидий. Это – один из важнейших показателей системы национальных счетов, характеризующий конечный результат экономической деятельности страны.

**Счет образования доходов** отражает выплату первичных доходов институциональными единицами – резидентами, непосредственно участвующими в производстве товаров и услуг.

Институциональная единица считается **резидентом** экономики страны, если она имеет на ее территории центр экономического интереса, т.е. если она занимается или собирается заниматься какими-либо видами экономической деятельности или операциями в течение длительного периода времени, обычно приравняемого к одному году.

**Оплата труда работников** определяется суммой всех вознаграждений в денежной и/или натуральной форме, выплачиваемых работодателями работникам за работу, выполненную ими в течение отчетного периода. Оплата труда работников учитывается на основе начисленных сумм и включает в себя суммы отчислений на социальное страхование, налогов на доходы и другие выплаты, которые подлежат уплате работниками, даже если они фактически удерживаются в административных интересах или по иным причинам и выплачиваются непосредственно органам социального страхования, налоговым службам и так далее от лица работника.

**Другие налоги на производство** состоят из всех налогов, которыми облагаются производящие единицы в связи с их производством или использованием факторов производства, кроме налогов на продукты. Размер таких налогов прямо не зависит от объема и рентабельности производства.

Они не включают также любые налоги на прибыль или иные доходы, получаемые институциональной единицей. К другим налогам на производство относятся: налоги за пользование природными ресурсами (экологический налог), плата за землю (земельный налог), плата за патенты, государственная пошлина и сборы, взимаемые с предприятий и организаций, налог на недвижимость.

**Валовая (чистая) прибыль экономики** представляет собой ту часть добавленной стоимости, которая остается у производителей после вычета расходов, связанных с оплатой труда работников и уплатой налогов на производство. Термин “валовая” или “чистая” в данном случае указывает на то, включает или не включает этот показатель потребление основного капитала в процессе производства.

Прибыль, образующаяся в результате производственной деятельности предприятий, находящихся в собственности домашних хозяйств, носит название **валового смешанного дохода**, поскольку она отражает как оплату работы, выполненной собственником предприятия, так и прибыль от предпринимательства.

**Потребление основного капитала** представляет уменьшение стоимости основного капитала в течение отчетного периода в результате его физического и морального износа и случайных повреждений.

**Счет распределения первичных доходов** характеризует распределение первичных доходов, полученных от производственной деятельности и от собственности, между резидентами (институциональными единицами или секторами).

**Доходы от собственности** включают доходы, получаемые или выплачиваемые институциональными единицами в связи с предоставлением в пользование финансовых ак-



**Бастапқы табыстар сальдосы** институционалдық бірліктердің – резиденттердің меншіктен өндіріске қатысуының нәтижесінде құралатын табыстарды сипаттайды. Олар бірліктер-резиденттер алған және төлеген барлық бастапқы табыстардың арасындағы айырма ретінде анықталады. Жалпы негізде анықталған, яғни негізгі капиталды тұтынуды шегергенге дейінгі бастапқы табыстар сальдосы тұтастай экономика деңгейінде жалпы ұлттық табысқа тең. Таза негізде анықталған, яғни негізгі капиталды тұтынуды шегергендегі бастапқы табыстар сальдосы таза ұлттық табысқа тең.

**Табыстарды қайталама бөлу шоты** ағымдағы трансферттердің түсуі және табысталуы нәтижесінде секторлардың бастапқы табыс сальдосының олардың қолдағы табысына айналуын көрсетеді.

**Трансферт** бір институционалдық бірліктің екінші бірлікке орнына тауар, қызмет немесе актив түріндегі өтем алмай-ақ, тауар, қызмет немесе актив (қаржылық немесе қаржыға жатпайтын) беру операциясы. Трансферт ағымдағы және күрделі деп бөлінеді. Олар ақшалай және заттай нысанда жүргізілуі мүмкін.

**Ағымдағы трансферттің** мынадай негізгі түрлері бар: табысқа, байлыққа және т.б. салынатын ағымдағы салықтар, әлеуметтік сақтандыруға аударым, әлеуметтік жәрдемақылар, капиталдық сипаты жоқ ерікті жарналар мен сыйлықтар, айппұлдар және т.б.

Институционалдық бірліктің түпкілікті тұтыну және жинақтау үшін қолда бар табысы **қолдағы табыс** болып саналады. Ол бастапқы табыстан минус ағымдағы трансферт ретінде берілген табыс, плюс алынған ағымдағы трансферттің сальдосына тең. Барлық институционалдық бірлік-резиденттердің қолдағы табыстарының сомасы жалпы ұлттық қолдағы табысқа тең.

Пайдалану сатысындағы жалпы ішкі өнім тауарлар мен қызметті түпкілікті пайдалану, жалпы қорлану және таза (импорты шегергендегі) экспорт сомасы ретінде есептеп шығарылады.

**Қолдағы табысты пайдалану шоты** үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін үй шаруашылықтары, мемлекеттік мекемелер және коммерциялық емес ұйымдар (ҰШҚКЕҰ) өздерінің қолда бар табысын түпкілікті тұтынуға жұмсалған шығыстар мен жинақтау арасына қалай бөлетіндігін көрсетеді.

**Түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстар** үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарынан, мемлекеттік мекемелердің дербес тауарлар мен қызметтерге, ұжымдық қызметтерге түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарынан, сондай-ақ үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарынан құралады.

Бұндай топтастыру түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарды кімнің қаржыландыратынын көрсетеді.

**Үй шаруашылықтарының түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарына** үй шаруашылықтарының барлық сауда кәсіпорындарынан, қала базарларынан және ұйымдаспаған (көшедегі) сауда арқылы, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарынан, көлік, байланыс кәсіпорындарынан, қонақ үй, ақылы мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру мекемелерінен тұтыну тауарлары мен қызметтерді сатып алуға, сондай-ақ өзі үшін өндірілген (жекеше қосалқы шаруашылығының ауыл шаруашылық өнімдері, жеке меншік үйінде тұруы бойынша шартты есептелген қызметтер) және еңбекақы ретінде заттай нысанда алынған тауарлар мен қызметтерді тұтынуға жұмсалатын шығыстар жатады.

**Мемлекеттік мекемелердің дербес тауарлар мен қызметтерге түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстары** мемлекеттік мекемелердің жеке тұтынуға арналған тұтыну тауарлары мен қызметтерге жұмсалатын шығыстарынан

тивов, земли и других нефинансовых активов (недра и другие природные активы, патенты, лицензии и т.п.)

**Сальдо первичных доходов** характеризует доходы, образующиеся от институциональных единиц – резидентов в результате их участия в производстве от собственности. Оно определяется как разница между всеми первичными доходами, полученными и выплаченными единицами-резидентами. На уровне экономики в целом сальдо первичных доходов, определенных на валовой основе, т.е. до вычета потребления основного капитала, равно валовому национальному доходу. Сальдо первичных доходов, определенных на чистой основе, т.е. за вычетом потребления основного капитала, равно чистому национальному доходу.

**Счет вторичного распределения** доходов отражает преобразование сальдо первичных доходов секторов в их располагаемый доход в результате поступлений и передач текущих трансфертов.

**Трансферт** представляет собой операцию, когда одна институциональная единица предоставляет товар, услугу или актив (финансовый или нефинансовый) другой единице, не получая взамен от нее возмещения в виде товара, услуги или актива. Различают текущие и капитальные трансферты. Они могут производиться в денежной и натуральной форме.

**Текущие трансферты** включают следующие основные виды: текущие налоги на доходы, богатство и т.п., отчисления на социальное страхование, социальные пособия, добровольные взносы и подарки, не имеющие капитального характера, штрафы и т.д.

**Располагаемый доход** представляет собой доход, которым институциональная единица располагает для конечного потребления и сбережения. Он равен сальдо первичных доходов минус доходы, переданные в качестве текущих трансфертов, плюс полученные текущие трансферты. Сумма располагаемых доходов всех институциональных единиц-резидентов равна валовому национальному располагаемому доходу.

На стадии использования валовой внутренней продукт рассчитывается как сумма конечного потребления товаров и услуг, валового накопления и чистого (за вычетом импорта) экспорта.

**Счет использования располагаемого дохода** показывает, как домашние хозяйства, государственные учреждения и некоммерческие организации, обслуживающие домашние хозяйства (НКООДХ), распределяют свой располагаемый доход между расходами на конечное потребление и сбережением.

**Расходы на конечное потребление** складываются из расходов на конечное потребление домашних хозяйств, расходов на конечное потребление государственных учреждений на индивидуальные товары и услуги, на коллективные услуги, а также расходов на конечное потребление некоммерческих организаций, обслуживающих домашние хозяйства.

Такая группировка показывает, кто финансирует расходы на конечное потребление.

**Расходы на конечное потребление домашних хозяйств** включают расходы домашних хозяйств на приобретение потребительских товаров и услуг во всех торговых предприятиях, на городских рынках и через неорганизованную (уличную) торговлю, предприятиях бытового обслуживания (пассажирского транспорта, связи, гостиницах, платных учреждениях культуры, здравоохранения, образования, а также потребление товаров и услуг в натуральной форме, произведенных для себя (сельскохозяйственная продукция личных подсобных хозяйств, условно исчисленные услуги по проживанию в собственном жилище) и полученных в качестве оплаты труда.

**Расходы на конечное потребление государственных учреждений на индивидуальные товары и услуги**

тұрады. Мұндай шығыстар Мемлекеттік бюджет пен бюджеттен тыс қорлар есебінен қаржыландырылады.

**Мемлекеттік мекемелердің ұжымдық қажеттіліктерді қанағаттандыратын түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстарына** жекелеген үй шаруашылықтарының емес, тұтастай қоғамның немесе халықтың жекелеген топтарының қажеттіліктерін қанағаттандыратын, Мемлекеттік бюджет есебінен қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдар қызметі кіреді. Бұл көрсеткішке қорғанысқа, жалпы мемлекеттік басқаруға, шоссе шаруашылығы, сондай-ақ рыноктық емес ғылымға, коммуналдық шаруашылыққа, ауыл шаруашылығына қызмет көрсететін ұйымдар қызметіне жұмсалатын шығыстар қосылады.

**Үй шаруашылықтарына қызмет көрсететін коммерциялық емес ұйымдардың түпкілікті тұтынуға жұмсалатын шығыстары** – қоғамдық ұйымдардың үй шаруашылықтарына тегін ұсынылатын тұтыну тауарлары мен қызметтерге жұмсалатын шығыстары. Бұған тағы да білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың өз қызметкерлеріне тегін көрсететін қызметтері қосылады.

**Капиталмен жасалатын операциялар шотының** негізгі рөлі - операция барысында институционалдық бірліктер-резиденттер сатып алатын немесе өткізетін қаржылық емес активтердің құнын, сондай-ақ жинақтау және күрделі трансферттерге байланысты капиталдың таза құнын өзгеруін көрсету.

**Негізгі капиталдың жалпы қорланымы** резиденттік бірліктердің негізгі капитал объектілеріне оларды өндірісте пайдалану жолымен болашақта жаңа табыс құру үшін қаражат жұмсауы болып табылады.

**Материалдық айналым құрал-жабдықтары қорының өзгеруіне** өндірістік қордың, аяқталмаған құрылыстың, алып-сату үшін дайын өнімдер мен тауарлардың өзгеруі кіреді.

Берілген кезең ішіндегі қор құнының өзгеруі баға ықпалын жою үшін қаралып отырған кезеңдегі орташа рыноктік бағаларда бағаланған кезеңнің басы мен аяғындағы босалқы қорлар құнының арасындағы айырмашылық ретінде есептеп шығарылады.

**Қаржы шоты** – бұл институционалдық бірліктер мен басқа елдер арасында жасалатын қаржы активтері мен пассивтерінің операциялары тіркелетін шот. Шоттың сол жағында қаржы активтерін сатып алу минус шығуы, ал оң жағында – міндеттемелерді қабылдау минус өтеу көрсетіледі.

**Монетарлық алтын** – ақша-кредитті реттеу органдарына немесе басқа бірліктерге жататын, оған бұл органдар нақты бақылауды жүзеге асырады және қаржы активі немесе валюталық резервтің бөлігі болып табылатын алтын.

**СДР (SDR) (Арнаулы өзара қарыз құқықтары)** - ХВҚ-да құралатын және оның мүшелері арасында қолдағы резервтік активтерге қосымша таратылатын халықаралық резервтік активтер болып табылады. СДР-мен операциялар ақша-кредитті реттеу органдарының және басқа елдердің қаржылық шоты бойынша жүргізіледі. СДР әрбір иеленушінің басқа да резервтік активтерді, атап айтқанда, шетел валютасын алуға деген кепілдікті және сөзсіз құқығы болып саналады.

**Бағалы қағаздар** санатына, олардан акциялар алынып тасталатын, вексельдер, облигациялар, депозит сертификаттары, коммерциялық қағаздар, қамтамасыз етілмеген борыштық міндеттемелер, айналыстағы туынды қаржы құралдары және соған ұқсас құралдар жатады, оларды сатып алу-сату әдетте қаржы рыноктарында жүзеге асырылады.

**Акцияларға және капиталға қатысудың басқа нысандарына** корпорацияның қалдық құнына қойылған талаптарды растайтын (барлық кредиторлардың талаптары қана-

состоят из расходов государственных учреждений на потребительские товары и услуги, предназначенные для индивидуального потребления. Такие расходы финансируются за счет Государственного бюджета и внебюджетных фондов.

**Расходы на конечное потребление государственных учреждений, удовлетворяющих коллективные потребности**, включает услуги, оказываемые за счет Государственного бюджета предприятиями и организациями, которые удовлетворяют потребности не отдельных домохозяйств, а общества в целом или отдельных групп населения. В этот показатель включаются расходы на оборону, общее государственное управление, шоссе хозяйство, а также расходы на нерыночную науку, коммунальное хозяйство, услуги организаций, обслуживающих сельское хозяйство.

**Расходы на конечное потребление некоммерческих организаций, обслуживающих домашние хозяйства**, – расходы общественных организаций на потребительские товары и услуги, предоставляемые домашним хозяйствам бесплатно. Сюда же включаются бесплатные услуги, оказываемые предприятиями и организациями своим работникам в области образования, здравоохранения, культуры.

Основная роль **счета операций с капиталом** - отражение стоимости нефинансовых активов, приобретаемых или реализуемых институциональными единицами-резидентами в ходе операций, а также изменений чистой стоимости капитала, обусловленных сбережением и капитальными трансфертами.

**Валовое накопление основного капитала** представляет собой вложение резидентными единицами средств в объекты основного капитала для создания нового дохода в будущем путем использования их в производстве.

**Изменение запасов материальных оборотных средств** включает изменение производственных запасов, незавершенного производства, готовой продукции и товаров для перепродажи.

Изменение стоимости запасов в течение данного периода рассчитывается как разность между стоимостью запасов на конец и на начало периода, оцененных в средних рыночных ценах рассматриваемого периода для устранения влияния цен.

**Финансовый счет** – это счет, на котором регистрируются операции с финансовыми активами и пассивами, совершаемые между институциональными единицами и остальным миром. На левой стороне счета отражается приобретение минус выбытие финансовых активов, а на правой стороне – принятие минус погашение обязательств.

**Монетарное золото** – золото, принадлежащее органам денежно-кредитного регулирования или другим единицам, над которыми эти органы осуществляют реальный контроль, и являющееся финансовым активом или частью валютных резервов.

**СДР (специальные права заимствования)** являются международными резервными активами, которые создаются МВФ и распределяются среди его членов в дополнение к имеющимся резервным активам. Операции с СДР проводятся по финансовым счетам органов денежно-кредитного регулирования и остального мира. СДР представляет собой гарантированное и безусловное право каждого держателя на получение других резервных активов, в частности, иностранной валюты.

К категории **ценных бумаг**, из которых исключаются акции, относятся векселя, облигации, депозитные сертификаты, коммерческие бумаги, необеспеченные долговые обязательства, обращающиеся производные финансовые инструменты и аналогичные инструменты, купля-продажа которых обычно осуществляется на финансовых рынках.

**К акциям и другим формам участия в капитале** относятся все инструменты и учетные документы, подтвержда-

гатаандырылғаннан кейін) барлық құралдар мен есептік құжаттар жатады. Капиталға қатысуды қамтамасыз ететін бағалы қағаздар корпорацияны тарату кезінде алдын-ала белгіленген табыс немесе тіркелген сома алуға құқық бермейді. Меншік құқығы, әдетте, акциялармен, жарналармен, қатысу сертификатымен немесе соған ұқсас құжаттармен расталған. Бұл санатқа артықшылықты акциялар кіреді, олар да сол сияқты корпорациялық кәсіпорынды тарату кезінде қалдық құнды бөлуге қатысуды қамтамасыз етеді.

**Сақтандырудың техникалық резервтері** өмірді сақтандыру жөніндегі резервтердегі және зейнетақы қорларындағы үй шаруашылықтары қаражатының таза құнына, сыйлықақының алдын ала жарнасына және реттелмеген наразылықтарды жабуға арналған резервтерге бөлінеді. Бірінші санатқа сақтандырылған тәуекелдерді жабуға арналған резервтер, пайдаға қатысуды сақтандыру жөніндегі резервтер және зейнетақы қорларының резервтері кіреді. Екінші санатқа сыйлықақының алдын ала жарнасы және сақтандыру кәсіпорындарының өтемді жабуға арналған резервтері (автокөлік құралдарын сақтандыруды, медициналық сақтандыруды, өмірді белгілі бір мерзімге сақтандыруды, жазатайым оқиғалардан/жарақаттан сақтандыруды, табыс деңгейін сақтандыруды және басқа да сақтандыру түрлерін қоса, өмірді сақтандырудан басқа) жатады.

**Коммерциялық кредиттер мен аванстар** санатына:

корпорацияларға, мемлекеттік басқару органдарына, коммерциялық емес ұйымдарға, үй шаруашылықтарына және басқа елдерге тікелей табыс етілетін тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге арналған коммерциялық кредит;

аяқталмаған өндіріс сатысында тұрған (егер олар материалдық айналым құрал-жабдықтарының қоры бабы бойынша осылайша сыныпталатын болса) немесе алдағы уақытта кірісетін жұмыстарға арналған аванстар жатады.

**Күрделі трансферттер** активтерге (қолма-қол ақша және материалдық айналым қаражатынан басқа) меншік құқығын немесе оларды бір институционалдық бірліктен екіншісіне сатып алу үшін қаражатты өтеусіз беру болып табылады. Күрделі трансферттер әдетте операцияға қатысушылардың активтерді сатып алуымен немесе шығуымен байланысты бір жолғы және шамасы жағынан елеулі операциялар болып табылады. Олар капиталға салынатын салықтарды, инвестициялық субсидияларды, өзге де күрделі трансферттерді қосады.

**Таза кредит беру (+) немесе таза қарыз алу (-)** қаржыға жатпайтын активтерді таза сатып алуға жұмсалған шығыстармен салыстырғанда қаржыландыру көздерінің асып түсуі немесе тапшылығы болып табылады. Тұтастай экономика деңгейінде таза кредит беру немесе таза қарыз алу елдің "басқа елдердің" иеленуіне беретін немесе "басқа елдердің" елге беретін ресурстар санын көрсетеді.

**Таза экспорт** экспорт пен импорт арасындағы айырма ретінде есептеп шығарылады және оған Қазақстанның шет елдермен, ТМД елдерін қоса, сауда айналымы кіреді.

**Бағалау принципі.** Жүйеде ағымдағы бағадағы бағалау негізінен операцияларда пайдаланылатын бағалар бойынша жүзеге асырылады.

ЖІӨ-ні өндіру және пайдалану өнімді өндіру немесе пайдалану жататын кезеңде басым болған ағымдағы рынок бағаларында бағаланады.

Экономиканың әртүрлі салаларында өндіріс құрылымы мен табыстың құралуына салықтар мен субсидиялардың түрлі ставкаларының ықпалын жою үшін салалық көрсеткіштер негізгі бағалар бойынша бағалауда келтіріледі.

**Негізгі баға** – өндірушінің тауар мен қызметтің бірлігіне алатын, өнімге және импортқа салынатын кез келген салықтар қосылмаған, бірақ өнімге және импортқа берілетін субсидиялар есептелген бағасы.

ющие (после удовлетворения требования всех кредиторов) требования на остаточную стоимость корпораций. Ценные бумаги, обеспечивающие участие в капитале, не дают права на получение заранее определенного дохода или фиксированной суммы при ликвидации корпорации. Право собственности, как правило, подтверждено акциями, паями, сертификатами участия или аналогичными документами. В данную категорию включаются привилегированные акции, которые также обеспечивают участие в распределении остаточной стоимости при ликвидации корпоративного предприятия.

**Страховые технические резервы** подразделяются на чистую стоимость средств домашних хозяйств в резервах по страхованию жизни и пенсионных фондах, и предварительные взносы премий и резервы для покрытия неурегулированных претензий. В первую категорию включаются резервы на покрытие застрахованных рисков, резервы по страхованию с участия в прибыли и резервы пенсионных фондов. Ко второй категории относятся предварительные взносы премий и резервы страховых предприятий (включая страхование автотранспортных средств, медицинское страхование, страхование жизни на определенный срок, страхование от несчастных случаев/травм, страхование уровня доходов и другие виды страхования, кроме страхования жизни) на покрытие возмещений.

К категории **коммерческие кредиты и авансы** относятся:

коммерческий кредит на товары и услуги, предоставляемый напрямую корпорациям, органам государственного управления, некоммерческим организациям, домашним хозяйствам и остальному миру;

авансы на работы, которые находятся в стадии незавершенного производства (если они классифицируются как таковые по статье запасов материальных оборотных средств) или которые еще предстоит предпринять.

**Капитальные трансферты** представляют собой безвозмездную передачу права собственности на активы (кроме наличных денег и материальных оборотных средств) или средств для их приобретения от одной институциональной единицы к другой. Капитальные трансферты обычно являются одновременными и значительными по величине операциями, связанными с приобретением или выбытием активов у участников операции. Они включают налоги на капитал, инвестиционные субсидии, прочие капитальные трансферты.

**Чистое кредитование (+) или чистое заимствование (-)** представляет собой превышение или дефицит источников финансирования по сравнению с расходами на чистое приобретение нефинансовых активов. На уровне экономики в целом чистое кредитование или чистое заимствование показывает количество ресурсов, которые страна предоставляет в распоряжение "остального мира" или которое "остальной мир" предоставляет стране.

**Чистый экспорт** рассчитывается как разница между экспортом и импортом и включает в себя оборот казахстанской торговли с зарубежными странами, включая страны СНГ.

**Принцип оценки.** Оценка в текущих ценах осуществляется в системе по ценам, фактически используемым в операциях.

Производство и использование ВВП оценивается в текущих рыночных ценах, преобладающих в период, к которому относится производство или использование продукции.

Для устранения влияния различных ставок налогов и субсидий в различных отраслях экономики на структуру производства и образования доходов отраслевые показатели приводятся в оценке по основным ценам.

**Основная цена** – получаемая производителем за единицу товара или услугу, исключая любые налоги на продук-

Рыноктік емес тауарлар мен қызметтер рынокта өткізілетін осындай тауарлар мен қызметтердің рыноктік бағасын пайдаланып, егер оны белгілеу мүмкін болса, немесе рыноктік баға жоқ болған жағдайда өндіруге жұмсалған шығындар бойынша бағаланады (атап айтқанда, мемлекеттік мекемелер мен коммерциялық емес ұйымдардың қызметі де осылай бағаланады).

